

ҚҰДАЙ МЕНІҢ КІМ ЕКЕНІМДІ БІЛЕ МЕ?

Матай 14:22-33

Тақырыбы: Иса - өмірдегі күрделі мәселелердің жауабы

Мақсаты:

- **Әрбір мәдениетке қатысты күрделі және әмбебап мәселелерге жауап беру жолында Киелі кітап арқылы түсінік беру.**
- **Осы сұрақтарға жауап ретінде тыңдаушыны Исаға бағыттау.**

7 бөлімнің 3-ші бөлімі
ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ КҮРДЕЛІ СҰРАҚТАР СЕРИЯСЫ
(Сұрақтар мен жауаптары бар оқиғалар)
МӘСІХШІЛІК РАДИО ДРАМА
«ТАРИХ ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ОҚИҒА»

МӘСІХТІҢ ӘЛЕМГЕ ҚЫЗМЕТІ

Авторы: Уильям Р.Флауерс
Редактор: Эмили Энн Рикард
Аға редактор: Доктор Арт Крискоу
Авторлық құқық © 2020

Өмір суын іздеп табу сеиясы
3-ші бөлім: Құдай менің кім екенімді біле ме?
Мәсіхтің әлемге қызметі
Барлық құқықтар қорғалған

ДИРЕКТИВТІ АҚПАРАТ

КЕЙІПКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ: (дауыс сапасына назар аударылсын)

- **Әр кейіпкердің дауысы кез келген басқа кейіпкерден өзгеше болуы тиіс.**
- **Кейбір кейіпкерлер осы серияның бірнеше эпизодтарында кездеседі. Бір кейіпкер үшін бірдей дауыс қолданылсын.**

Томас: Баяндаушы, Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Філіп: Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Иса: Құдайдың Ұлы (кемелденген ер адамның жұмсақ дауысы)

Оқырмандар үшін ескертулер:

- Бұл радио қойылымдар. Барлық әрекеттер мен эмоциялар тек сөз арқылы жеткізіледі. Мәтінді оқу барысында асығыстық танытпаңыз; тыңдаушы бұл сөздерді тек бір рет естейтінін еш ұмытпаңыз; тиісті эмоцияларды көрсете отырып анық сөйлеңіз; барлық тыныс белгілерін мұқият қадағалаңыз (мысалы, үтірдің алдына сәл кідіріңіз, нүктелердің алдына үзіліс жасаңыз, леп белгілері бар сөйлемдерді күшейтіп оқыңыз, ал **қарамен** жазылған сөздерге ерекше назар аударыңыз).
- Сценарий бойынша барлық музыкалық (жуан/кіші шрифтпен белгіленген) репликаларды қадағалаңыз.
- Сценарий бойынша дыбыс әсерлері нұсқауларын (жуан шрифтпен белгіленгендерді) орындаңыз.
- Сценарий бойынша жақшада курсивпен белгіленген барлық (дауыстық нұсқауларды) орындаңыз.
- Киелі Жазбадан алынған дәйексөздер курсивпен, тырнақшалармен – "Уа, исаилдіктер", содан кейін жақшада жазбаға сілтеме жасалады (Елшілердің істері 2:22). Бұл жерде Киелі Жазбаның жаңа халықаралық нұсқасы (1984) қолданылған. Киелі Жазба сілтемелері аудармашыларға көмек ретінде берілген және оларды сценарийдің бөлігі ретінде оқуға болмайды.

ҚҰДАЙ МЕНІҢ КІМ ЕКЕНІМДІ БІЛЕ МЕ?

Киелі Жазбаға сілтеме:

Матай 14:22-33

Музыка: Музыкалық әуен басталады, содан кейін біртіндеп бағдарлама жүргізушінің түсініктемелеріне көңіл аударылады.

Продюсерге ескертпе: Тақырыптық әуен 12-14 секундтан аспауы керек.

Бағдарлама жүргізушісі

«Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасына қош келдіңіздер.

Егер сіз біздің қатарымыздан болсаңыз, онда сіз бұл әлемнің қиын жағдайда өмір сүретін ерлер мен әйелдерге толы екенін байқаған боларсыз. Олар тірі қалудың жолын іздеп, өз отбасыларын тамақ пен баспанамен қамтамасыз ету үшін күнделікті күресуде. Олар «бүгін кешке не жесек болады екен?» деген сұрақты қоймайды. Олар «бүгін жеуге бір үзім нан бола ма?» деп алаңдайды.

Күнделікті өмір сүрудің осындай негізгі сұрақтарымен бетпе-бет келетін көптеген адамдар үшін Құдай және Оның біздің өмірімізге арналған керемет жоспары туралы әңгімелер қияли болып көрінеді; олардың өмірлік тәжірибесі бойынша егер Ол шынымен де осында болса, онда Құдай олардың жағдайын білмейтінін немесе оларға мән бермейтінін үйрететін сияқты. Олар қоятын дұрыс сұрақ: Құдай менің кім екенімді біле ме?

Қымбатты досым, егер сіз осы сұрақты қойған болсаңыз, менің сізге айтар жақсы жаңалығым бар: Құдай сіздің жай кім екеніңізді ғана емес, сонымен қатар сізді жарық дүниеге келгенге дейін-ақ та жақсы білді. Құдай Сөзі ол туралы былай дейді: *“Сен іш құрылысымды қалыптастырдың, Ана құрсағында мені жараттың.. маған бұйырған күндердің бірі Әлі де тумас бұрын, солардың бәрі Кітабыңда жазулы..”* (Жыр. 139:13,16). Құдайдың Киелі Сөзіндегі оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының үшінші бөлімін тыңдау үшін бізге қосылыңыздар.

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

Сахна өзгерістері әуенмен бейнеленетініне назар аударыңыз

1-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: түнгі уақыт, желдің есуі мен қара шегірткелердің дауысы)

Томас (баяндаушы): Иса маған әкемнің ісін тастап, Оның соңынан еруімді, яғни Оның шәкірті болуымды сұрағанда, менің алғашқы әсерім қатты күлгенім болды. Өзіңіз ойлап көріңізші, Иса Раввин, діни ұстаз; ал мен болсам, керісінше, дінге сенбейтін скептик болдым. Ол қай жерде жүрсе де Ізгі хабарды уағыздап,

ғажайыптар көрсететін қалың жұртшылықтың жұлдызы болды; ал мен тіпті Құдайға сенбейтін байғұс тері саудагері едім.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жақындап келе жатқан аяқ дыбыстарының дауысы)

Томас (баяндаушы): (күрсініп) Әйтеуір сол кезде неге екені белгісіз, сол алғашқы қарқынды жеңіп, әкемді тастап, Исаның соңынан еріп, Оның 12 шәкіртінің бірі болдым.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: Філіп пен Томас сөйлеген кезде жұмсақ, күбірлескен дауыстар қосылады)

Філіп: (есінейді және күрсініп) Бүгінгі күн. . . бір ауыр күн болды.

Томас: Исаның айналасында үнемі осындай мазасыздық па?

Філіп: Үнемі. (есінейді) Тек кейде бүгінгідей көңілді болмайтын кездер де болады.

Томас: Көңілді ме? Бүгінгі күн көңілді өтті деп ойлайсыз ба?

Філіп: Иә. . . иә, шын мәнінде, солай ойлаймын.

Томас: Сіздің ойыңызша, таңертең діни жетекшілермен сөз таластыру, содан кейін көңілдерін аулау үшін күні бойы сасық, аш тобырды бақылауға тырысу көңілді көтеретін жайт деп ойлайсыз ба?

Філіп: Томас, бүгін болған оқиғаның керемет екенін мойындау керек.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жағаға жайлап шашырап соққан толқындардың жұмсақ алыс дыбысын қосыңыз)

Томас: Иә, мұны мойындаймын; Иса мыңдаған адамдарды бес кішкентай арпа нанымен тамақтандырды. . .

Філіп: Және екі балық. . .

Томас: Иә, екі балықпен; бірақ шынымды айтсам, қызуқанды тобырдың жалмандап, тамаққа жармасып; тамақтың бәрін өздерінің күртелеріне толтырып жинағандарын, бірін-бірі қалай итергендерін көру маған жиіркенішті болды.

Філіп: Сонда да 12 толық себетті толтыруға жеткілікті тамақ қалды. Соңында барлығы риза болды.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: жағаға жақындаған сайын толқындардың дыбысын күшейту)

Томас: Дегенмен бұл мүлдем басқа оқиға. Қарындарын тойдырған соң, лас тобыр отырған жерлерінде бәрін тастап, бірін-бірі итеріп-итеріп, Исаның соңынан тауға көтерілді. Ал біз болсақ олардың арттарынан тазалауға мәжбүр болдық.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: аяқ дыбыстары мен күбірлесу тоқтап; толқындардың дыбыстары қазір қатты әрі жақын естілуде)

Філіп: Біз шәкірттеріміз, Томас; бұл біздің міндетіміз.

Томас: Мен шәкірттердің Ұстаздарынан білім алуы керек деп ойласам.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: Томаспен қатар күбірлесу қайта басталып ендігі күңкілдесуге ұласты)

Філіп: Келіндер, жігіттер; шағымдануды тоқтатындар. Петір?

Петір: (жөтеліп, күбірлескен дауыстарды басып) Мм... Філіп дұрыс айтады. Артық сөз естігім келмейді.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: күбірлескен дауыстар бірте-бірте басылды)

Петір: Солай сияқты; ал қазір – қайыққа мініңдер.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: кенеттен күңкілдескен дауыстар мен ыңырсу)

Петір: (даусын көтеріп) Бос сөзді қойындар дедім ғой! Қайыққа мініңдер!

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: күбірлескен дауыстар азаяды, бірақ толық емес; адамдардың қайыққа мінген кездегі ағаштың сықырлаған дыбысы мен қадамдардың тоқылдаған дыбысы)

Філіп: Біз қайда бара жатырмыз, Петір?

Петір: Көлдің арғы бетіне.

Томас: (таңданып) Көлдің арғы бетіне? Бірақ Петір. . . Не үшін? Ол жақта ештеңе жоқ. . .

Петір: Білемін, Томас. Бірақ Иса көлдің арғы бетіне өтуді бұйырды; Одан түсінік беруін сұрамадым.

Томас: Бірақ. . .

Петір: Қайыққа мін, Томас. Сен де, Філіп.

Філіп: Бірақ Иса қайда? Ол бізбен бірмаушы ма еді?

Петір: Бізбен бірге бармайды. Артымыздан қуып жетемін деді. (Даусын көтеріп) Жақып! Жиналыңдар!

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: адамдардың құмның бойымен қайықты итеріп сырғытып бара жатқан дауысы; кенеттен қайықтағы адамдардың теңізге жүзе бастағанда дауыстардың дыбысын, толқындар мен ескектердің есілуінің дауысын естіміз)

Петір: (айқайлап) Ескекті есіңдер! Оңтүстік-шығысқа, көлдің арғы бетіне қарай беттеңдер!

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: соқпа толқындардың дыбысы басылады, ескекпен есу бірқалыпты тәртіпке айналады, ал тықылдаған дыбыс тыныш сыңғырға айналады)

Філіп: Томас? Сенде барлығы дұрыс па? Ауырып тұрған сияқтысың.

Томас: (ашуланып) Бұған келіскен емеспін, Філіп.

Філіп: Не болды? Саған теңіз ұнамайды ма?

Томас: Жоқ, білмеймін! Бірақ бұл жай толқындар емес, Філіп; Маған мұның бәрі ұнамайды - жүгіру, тазалау, шулы топ. Шәкірт болу бұдан жоғары деп ойласам. . .

Філіп: (кідіріп, содан кейін сұрақ қояды).. Бұдан жоғары дегенің қалай...

Томас: Сәл лайықтырақ. Біз тек Оның қызметшілері сияқтымыз, Філіп; «Ал» дейді, біз аламыз. Ол: «Анда бар» дейді, біз барамыз. Бұдан еш мән көріп тұрған жоқпын.

Філіп: Сабырлы бол, Томас; барлығы сен күткендей бола бермейді. Исаға жақын болғанда тынысың тарылатын кездер әлі-ақ алда.

Томас: Оның қасында болу керек дейсіз бе? Філіп, мен Оған еруге келіскеннен бері Оның қасында екі минут тұрған кезім де болған жоқ. Оның менің есімімді білетініне де сенімді емеспін.

Філіп. Бұл ақымақтық, Томас. Әрине Ол сенің есіміңді біледі.

Томас: Егер солай болса, Філіп, онда жағдай мен ойлағаннан да нашар екен.

Філіп: Неге олай дейсің?

Томас: Өйткені, Філіп, мен Исаның менің атымды айтқанын естіген емеспін.

Філіп: Томас, мен бұл айтқандарыңа сене алар емеспін . .

Томас: Раввин болсын болмасын, ғажайыптар орындалсын не орындалмасын, мен Оған немесе Оның Құдайына ештеңе білдірмейтініме сенімдімін. Иса үшін мен жай ғана ыңғайлы қызметшімін, мен мұны қаламаймын.

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

АНТРАКТ

Бағдарлама жүргізушісі: Ең алдымен бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Қазір сіздер «Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасын тыңдаудасыздар. Біздің көрінісіміз бірер сәтте жалғасатын болады.

Бүгін біз Құдай Сөзіндегі оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясын жалғастырудамыз. Біздің бүгінгі драмамыздың басында Томас Исаның Оның соңынан еруге шақыруына келісті, сонымен қатар олар қайда барса да үміт пен Ізгі хабарды уағыздап, қызмет етіп, ауылды аралап жүргенде шәкірттерінің арасында болды. Бірақ Исаның оның алдында жасаған кереметтеріне қарамастан, Томас Исаға күмәнмен қарады. Көрдіңіз бе, Томас Құдайға сенетініне сенімді емес еді, тіпті Құдай бар болса да, Томас Құдайдың немесе Оның елшісі Исаның оған қамқорлық жасайтынына сенбеді. Драманың жалғасын әрі қарай тыңдауға шақырамыз.

(Әуен: дыбыс әсерлері қайта қосылады)

2-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: қатты жел соғып тұр; ескектер әлі де есілуде, бірақ енді ақырын емес - толқындар қайықты соғып жатыр, ал адамдар бір-бірін шақырып, теңіздің қатты толқындарымен күресіп жатыр)

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Томас, жақсысың ба?

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Жоқ, жақсы емеспін!

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Томас, бұл дауылды кезде саған ыңғайсыз екенінді білемін, бірақ жағдай дәл қазір көріп тұрғаныңнан әлдеқайда жаман емес.

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Жоқ, Філіп; Осындай жағдайға түспес бұрын бәрін алдын-ала ойлап сараптап алуым керек еді! Қазір бәріміз осы жерде теңіздің ортасында өліп қаламыз ба деп қорқамын және бұған себепкер мен деп ойлаймын!

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Бұл дауыл үшін өзінді қалай кінәлай аласың?

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Мен қарғыс атқан адаммын! Өмірі қолымнан дұрыс ешнәрсе келген емес!

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Сен не айтып тұрсың?

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Өзімді жақсы білемін, ес білгелі өмірімде бірінен соң бірі апатты жағдайлар ұласа берді! Жастайымнан анаман жетім қалдым; өмір бойы кедейшілікте өмір сүрдім; Римдіктердің барлық бауырларымды айқышқа шегелегендерінің куәсі болдым; әкем мен нағашы ағаларымның күштеп сендірген сенімдері. Філіп, мен қол тигізген немесе араласқан нәрсе ешқашан жақсылықпен аяқталған жоқ. Ал енді мына жағдай! Өмірімде бірдеңе өзгереді деп үміттенгенім нағыз ақымақтық болды.

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Бірақ, Томас, сен үшін бәрі өзгерді.

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Мұны қалай айта аласыз? Міне, мен Раввин Исаның теңізде өлгелі жатқан шәкіртімін, Ол тіпті менің кім екенімді де білмейді!

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Сен қателесесің, Томас! Иса сені іздеп, есіміңді атап шақырды; Ол маған немесе қайықтағы басқалардың кез келгеніне қаншалықты көңіл бөлсе, Ол сені де сонша ойлайды!

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Олай болса, бізді бұл жерге өлуге неге жіберді?

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: қорқыныштан кенет қатты айқайлаған дауыстар)

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Не болды?

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Петір! Не болып жатыр?

Петір: (шудың арасынан айқайлап) Біреу . . . біреу келе жатыр!

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: қорқыныштан айқайлаған қатты дауыстар көбейе түсті)

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Біреу бізді құтқаруға келе жатыр ма?

Філіп: (шудың арасынан айқайлап) Біреу келе жатыр ма? Басқа қайықпен бе?

Петір: (шудың арасынан айқайлап) Жоқ! Бұл судың бетімен келе жатқан біреу!

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: «Бұл елес!» деп айқайлаған дауыстар. «Рух келе жатыр!»)

Иса: (алыстан, шудың арасынан айқайлап) «Қорықпандар, бұл Менмін зой! Үрейлердің ұшпасын!» (Матай 14:27).

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Бұл кім, Петір? Не болып жатыр?

Петір: (шудың арасынан айқайлап) Менің ойымша. . . бұл Иса! (айқайлап) «Мырза, егер бұл Өзіңіз болсаңыз, онда маған су бетімен қасыңызға баруға бұйырыңызшы» (Матай. 14:28).

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Петір, сіз не істеп жатырсыз? Жын ұрған ба сізді?

Иса: (алыстан, шудың арасынан айқайлап) Петір, бұл менмін! Мында кел!

Томас: (шудың арасынан айқайлап) Петір, олай істемеңіз. . .

Філіп: (айқайлап) Қараңдар! Қара, Томас! Петір де судың үстімен жүріп барады!

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: кенеттен соққан жел мен үлкен толқындар қайыққа соғылады)

Томас: (айқайлап) Петір, суға батып кетесіз!

Філіп: (айқайлап) О, жоқ! Ол суға батып бара жатыр! Ол суға батып кетеді!

Петір: (алыстан айқайлап) «Мырза, мені құтқара көріңіз!» (Матай 14:30).

Томас: (айқайлап) Мен мұны білдім! Бәріне мен кінәлімін!

Філіп: (айқайлап) Қараңдар! Бұл Иса! Ол Петірдің қолын ұстап тұр! Ол онымен бірге қайтып келе жатыр!

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жел басыла бастайды, толқындар тынышталады; Иса мен Петір жақындағанда судың шапылдағанын естиміз)

Філіп: (айқайлап) Қолынан ұста, Әндір! Қайыққа қарай тартып ал!

КІРІСТІРУ: (Дыбыс әсерлері: Петірді қайыққа түсіріп жатқан кездегі дыбыстар; теңіз тынышталғанша жел мен толқын баяулайды)

Иса: (сабырлы дауыспен, күліп) “Әй, сенімі азым-ай! Неліктен күдіктендің?» (Матай. 14:31).

КІРІСТІРУ: (Дыбыс әсерлері: жалғыз ғана дыбыс - қайықтың бүйіріне соққан толқынның дауысы)

Томас: (сабырлы дауыспен) Петір. . . оның хәлің жақсы ма?

Иса: Иә, Томас; ода бәрі жақсы. Мен оның суға батып кетуіне ешқашан жол бермес едім. О, және Томас. . .?

Томас: Иә, Иса?

Иса: (ақырын күліп) Мен сенің кім екенінді білемін.

(Әуен: Драмалық музыка күшейеді; содан кейін Тақырыптық музыканың қайталануы басталады; «Біздің Құдайға беретін жауабымыз» атты айдары кезінде бағдарлама жүргізушісінің пікірлерінде екпінді күшейту)

БІЗДІҢ ҚҰДАЙҒА БЕРЕТІН ЖАУАБЫМЫЗ

Бағдарлама жүргізушісі

Томас мұны әлі түсінбеуі мүмкін, бірақ оның өмірі түбегейлі өзгереді. Көргіңіз бе, оның досы Філіп дұрыс айтты: Иса әдейі 12 шәкіртінің әрқайсысын іздеп тауып, олардың әрқайсысына қамқорлық жасады. Петірдің дауылды теңізге батып кетуіне ешқашан жол бермейтіні сияқты, Иса да Томастың қорқыныштары мен уайымдарына жауап бермей немесе оған жауап табу мүмкіндігін бермей, қабылдаған шешімінен бас тартуына жол бермейтіні анық еді.

Бірақ соңында Томас Құдайға деген бұрмаланған көзқарасы мен өмір бойы кездескен ауыртпашылықтарынан қайнар көзінен бастап, кейбір қиын мәселелермен күресуге тура келді. Оның ауыртпашылықтары бақытсыздық немесе қарғыс емес еді; оның басты мәселесі өзінің күнәсінде еді.

Құдайдың Киелі Сөзінде әрбір адамның күнәкар екенін анық көрсетеді. *«Бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды»* (Рим. 3:23). Құдай әділ және қасиетті. Күнә Құдай мен біздің арамыздағы тосқауылға айналады. Сіз де, мен де күнәміз үшін Құдайдан ажырадық.

Біз күнәкар болсақ та, Құдай бізді әлі де жақсы көреді. Бізді Құдайдың сүйіспеншілігінен ештеңе ажырата алмайды. Құдай – кешірімді Құдай. Ол мұны күнәкарлардың кешірілуі және Өзімен дұрыс қарым-қатынасын қалпына келтіруі үшін жасады.

Мен Құдайға шын жүректен дұға етпекпін. Менің дұғамды мұқият тыңдаңыздар, сосын мен дұға еткен кезде, менен кейін қайталауға тырысыңыздар.

Уа, Құдай Ием, мен күнә жасағанымды білемін. Саған күнәкар екенімді мойындаймын. Мен күнә жасағанымды мойындаймын. Мені әлі де сүйетінің үшін алғыс айтамын. Менің күнәларымды кешіруге мүмкіндік бергенің үшін шүкіршілік етемін. Мен Сенің ақиқат жолың туралы білгім келеді. Аумин.

Енді менен кейін дауыстап қайталап дұға етіңіз. Бір уақытта бірігіп дұға етейік. Құдайға құлшылық етіңіз. Шын жүректен дұға етіңіз.

Уа, Құдай Ием, (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен күнә жасағанымды білемін. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Саған күнәкар екенімді мойындаймын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен күнә жасағанымды мойындаймын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мені әлі де сүйетінің үшін алғыс айтамын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Менің күнәларымды кешіруге мүмкіндік бергенің үшін шүкіршілік етемін. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен Сенің ақиқат жолың туралы білгім келеді. Аумин. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Менімен бірге дұға еткендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Келесі бағдарламада Құдай күнәларымызды қалай кешіретіні туралы білетін боламыз.

(Әуен: тақырыптық әуен эфир аяқталғаннан кейін күрт күшейеді және өшеді)

Хабар таратушыға, бағдарлама жүргізушісіне және режиссерге ескертпе

Егер бұл драма «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының бір бөлімі ретінде көрсетілетін болса, келесі бөлім Құдай туралы күрделі сұрақ туралы тағы бір драма болатынын көрсететін хабардың соңында «тыңдаушы белгісі» болуы керек.

СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ЖАУАПТАР

Төменде берілген сұрақтар мен жауаптар драма көрінісі көрсетілгеннен кейін пайдалануға арналған. Бұл әдетте драманы тыңдағаннан кейінгі тыңдаушыда туындауы мүмкін сұрақтар. Қойылатын сұрақтардың саны, әрине, драманың соңында қолжетімді эфир уақытының көлеміне байланысты болады. Сірә, барлық ұсынылған сұрақтарды пайдалану қажет емес.

Бұл айдарға екі адам қатысады: жүргізуші және оның көмекшісі. Көмекші сұрақтарды қояды, ал жүргізуші оларға жауап береді. Осы айдарды жоспарлау және жүзеге асыру бойынша бірнеше кеңестерге құлақ салсаңыздар:

- Сұрақ-жауап айдарын жүргізуші мына сөздермен бастауы керек: «Бүгінгі драмалық көріністі тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Енді Сіздер сияқты керемет тыңдаушыларымыздан осы драмалық көрініске қатысты туындаған сұрақтарға кезек берейік.
- Сұрақ-жауап айдары басталардан бұрын 3-5 секундтық кіріспе әуенін қосу керек.
- Сұрақ-жауап айдарының басында бағдарлама жүргізуші өзін атын атап таныстыруы керек. Содан кейін бағдарлама жүргізуші өзінің көмекшісінің атын атап оны да таныстыра кеткені жөн. Олардың есімдері бағдарламаның көркін қыздыра түспек.

- Жүргізушінің көмекшісі ретінде әйел адамды таңдаған дұрыс болар. Әртүрлі дауыстар (еркек пен әйел) тыңдаушыға жағымды, әрі бағдарламаға өзгешелік енгізуі мүмкін.
- Ал егер жүргізуші мен оның көмекшісі екеуі де ер адамдар болса, онда олардың дауыстары ұқсас болмағаны жөн. Мысалы, екеуінде де терең бас және т.б. болмағаны дұрыс болар. Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені тыңдаушыға ақпарат жеңіл әрі түсінікті түрде жеткізілуі керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойған адамның «есімін атамай» сұрақтарды қоя алады. Немесе жүргізуші мен оның көмекшісі: «*Мінекей, "адамның есімін атап"* келіп түскен *сұрағын*» қоя алады.
- Барлық сұрақтарды бір дауыс ырғағымен оқудың орнына, жүргізушінің көмекшісі өзінің дауысын қойылған сұрақтың мағынасына қарай өзгерткені дұрыс болар. Басқаша айтқанда, кейбір сұрақтар қатты аландаушылықты, кейбіреулері үрейді көрсетуі керек. Кейбір сұрақтарды оқыған кезде мысқылды, сенімсіздікті немесе тіпті ашуды көрсетуі мүмкін.
- Сұрақ-жауап айдары кезінде жүргізуші мен оның көмекшісі ара-тұра бір-бірінің есімдерін атау керек. Мысалы, жүргізушінің көмекшісі: «*Жүргізушінің есімін, мұнда шайтан мен азғыруға қатысты сұрақ бар екен. . .*» Немесе жүргізуші: «*Осы қойылған сұрағың үшін, көмекшісінің аты, алғыс білдіремін*» деп айтуы мүмкін. Немесе: «*Сұрағына рахмет, көмекшісінің есімі*».
- Сұрақ-жауап айдары диалогтық сипатта болғаны дұрыс.
- Жүргізуші жанашырлықпен әрі мейірімдікпен тіл қатып, дәл сондай дауыс ырғағын қолдануы керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа кемсіту мақсатында жауап бермеуі керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа таң қалып немесе сасқалақтамауы керек. Ол тыңдаушының құлағына тыңдауға жағымды болатындай етіп тілдесуі керек.
- Жүргізуші барлық сұрақтардың жауабын «білгіш» ретінде көрінбеуіне өте сақ болуы керек. Ол Құдай Сөзін зерттеген ойшыл әрі ниеті дұрыс адам ретінде көрінуі керек. Ол шыншыл, әрі «Мен бұл сұрақтың жауабын білмеймін» деп айтудан қорықпауы керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойғаннан кейін жүргізуші жауап бере бастағанға дейін араларында қысқа үзіліс болуы керек. Бұл үзіліс жүргізушінің жауабы қандай болуы керектігі туралы ойланып жатқанын көрсетеді.

- Келесі сұраққа көшу алдында жүргізуші сұраққа жауап бергеннен кейін қысқа үзіліс болуы керек. Бұл тыңдаушыға жаңа сұрақтың келіп жеткенін түсінуге көмектеседі.
- Бұл айдардың аяқталатынын жүргізушінің тыңдаушыға: «Бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі сұрақтар мен жауаптар сіздерге пайдалы болды деп сенеміз», - деп айтқан сөздерімен көрсетуге болады.
- Айдардың аяқталғанын көрсету үшін 3-5 секундтық әуен қосылуы керек.
- Жүргізуші мен оның көмікшісі Сұрақтар мен Жауаптарды дауыстап оқу арқылы жаттығулары керек. Дайындық пен эфир арасында олардың сергітуін қамтамасыз ету үшін қажетті үзіліс болуы керек.

1. **Сұрақ:** Драмада Исаның бірнеше нан және бірнеше балықпен мыңдаған адамдарды тамақтандырғаны айтылған. Бұл мүмкін емес жайт қой! Ол мұны қалай жасады?

Жауап: Иса барлық күшке ие және бәрін істей алады. Бұл, әрине, үлкен ғажайып болды. Шындығында, Құдайдың Киелі Сөзінде Оның мыңдаған адамдарды екі түрлі жағдайда тамақтандырғаны айтылады.

2. **Сұрақ:** Драмада Исаның судың үстінде жүргені де айтылады. Бұл шындық па?

Жауап: Иә, бұл рас. Бұл Исаның жасаған тағы бір кереметі болды.

3. **Сұрақ:** Құдай менің кім екенімді шынымен біледі ме?

Жауап: Иә, Құдай жеке өзіңізді жақсы біледі. Ол сіз туралы бәрін біледі. Құдайдың Киелі Сөзінде Ол тіпті сіздің басыңыздағы шаштың санына дейін білетіні жазылған. Бұл шындық мен үшін жұбаныш; Өйткені әлемнің ұлы Құдайы мені және менің басымдағы қиындықтардың барлығын біледі.

4. **Сұрақ:** Құдай маған қамқорлық жасайды ма?

Жауап: Құдай сізді жақсы көреді және сіздің өміріңіздің әр саласына көңіл бөледі. Оған сізбен не болып жатқандығы маңызды. Бұл туралы Құдайдың Киелі Сөзінде былай деп жазылған: *Барлық уайымдарыңды Құдайға сеніп тапсырыңдар, себебі Ол қамдарыңды ойлайды!*» (Пет1. 5:7). Ол тағы былай деді: *«Жаратқан Иеге арт бар уайымыңды, Ол сені қолдап, ойлайды қамыңды»* (Жыр. 55:22).

5. **Сұрақ:** Құдайдың менің өміріме арнаған жоспары бар ма?

Жауап: Иә, Құдайдың сіздің өміріңізге арнаған жоспары бар. Ол біздің Исаға еріп, Оған мойынсұнуымызды қалайды және Оның сіздің өміріңіздің әрбір жасайтын қадамыңыз үшін күнделікті жоспары бар.

6. **Сұрақ:** Құдайдың менің өміріме арналған жоспары қандай екенін қалай білуге болады?

Жауап: Ең алдымен адам Исаға Құтқарушы ретінде сеніп, Оған еруге міндеттеме алуы керек. Содан кейін күн сайын Құдайға дұға етіңіз және Одан сол күнгі өміріңізді басқаруын сұраңыз. Біздің көпшілігіміз үшін Құдайдың жоспары - бұл біздің өміріміздің үлкен жоспарының кенеттен, егжей-тегжейлі көрінісі емес, күн сайын өмір сүрген кезде біз ашатын күнделікті тәжірибе.

7. **Сұрақ:** Драмада шәкірттің қандай болу керек туралы айтылды. Сонда шәкірт дегеніміз кім?

Жауап: «Шәкірт» сөзі негізінен «оқушы» дегенді білдіреді. Иса кейбір адамдарды Өзінің соңынан еріп, Одан білім алуына шақырды. Олар Оның шәкірттері ретінде танымал болды.

8. **Сұрақ:** Бүгінгі күнде мен Исаның шәкірті бола аламын ба?

Жауап: Әрине, бола аласыз! Оның шәкірті болу — Құдайдың Киелі Сөзін оқу және дұға ету арқылы Оған еріп, Одан білім алу дегенді білдіреді.

Жазбалар Киелі Кітаптан алынған, ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НҰСҚА.

Авторлық құқық © 1973, 1978, 1984 Халықаралық Киелі кітап қоғамдастығы. Zondervan Bible Publishers рұқсатымен пайдаланылады.

Мәсіхтің әлемге қызметі

Авторлық құқық © 2020, Барлық құқықтар қорғалған